ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 15 маусым №5165-23-00-2/1269 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ғ.Ә.Бектаев оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Түркістан облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Алтайбайқызы» - Алтайбайқызы Дария

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Ақша өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Түркістан облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (ары қарай - РММ) талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

«Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Түркістан облысы бойынша департаменті» РММ мен дара кәсіпкер (ары қарай - ДК) «Алтайбайқызы» - Алтайбайқызы Дария арасында түзілген №60келісім шарт бұзылсын.

ДК «Алтайбайқызы» - Алтайбайқызы Дария мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ДК «Алтайбайқызы» - Алтайбайқызы Дариядан мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыппұлы 4 708 теңге, мемлекеттік баж 3 497 теңге, сонымен барлығы 8 205 (сегіз мың екі жүз бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә., 15.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 17.07.2023, судья Рыскулбеков К. О., 17.07.2023

тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Ғ.Ә.Бектаев**

Құжатқа қол қойылған: Бектаев Ғ. Ә., 15.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 17.07.2023, судья Рыскулбеков К. О., 17.07.2023

5165-23-3-1/1360